

2021 жылға Әйтеке би ауданы бойынша мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

Мерзімі біткен

Ақтөбе облысы Әйтеке би ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 20 қаңтардағы № 06 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 22 қаңтарда № 8021 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 9, 27 баптарына және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 13 маусымдағы № 498 "Мүгедектер үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы", Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14010 тіркелген бұйрығына сәйкес, Әйтеке би ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2021 жылға Әйтеке би ауданы бойынша ауыр жұмыстарды, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыстардағы жұмыс орындарын есептегенде, жұмыс орындары санының екіден төрт пайызға дейінгі мөлшерінде мүгедектер үшін жұмыс орындарының квотасы осы қаулының қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. Әйтеке би ауданы әкімдігінің келесі қаулыларының күші жойылды деп танылсын :

1) Әйтеке би ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 25 мамырдағы № 97 "Әйтеке би ауданы бойынша мүгедектер үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 5531 тіркелген, 2017 жылғы 22 маусымда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) қаулысы;

2) Әйтеке би ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 21 желтоқсандағы № 246 Әйтеке би ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 25 мамырдағы № 97 "Әйтеке би ауданы бойынша мүгедектер үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 5817 тіркелген, 2018 жылғы 16 қаңтарда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) қаулысы.

3. "Әйтеке би аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны оны ресми жариялағаннан кейін Әйтеке би ауданы әкімдігінің интернет – ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін аудан әкімінің орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Әйтеке би ауданының әкімі

Д. Ермаганбетов

Әйтеке би ауданы әкімдігінің 2021
жылғы 20 қаңтардағы № 06 қаулысына
қосымша

2021 жылға Әйтеке би ауданы бойынша мүгедектер үшін ұйымдар бөлінісінде жұмыс орындарына квота

№	Ұйымдардың атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны	Квота мөлшері (қызметкерлердің тізімдік санынан %)	Жұмыс орындарының саны (бірлік)
1	"Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі	212	3	6
2	"Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Әйтеке би аудандық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны	194	3	6
3	"Ақтөбе облысы Әйтеке би аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Целинник" мәдениет үйі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны	100	2	2

4	"Ақтөбе облысының ветеринария басқармасы" мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Әйтеке би аудандық ветеринариялық стансасы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны	60	2	1
5	"Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің Қарабұтақ орман шаруашылығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	55	2	1
6	"Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Т.Жүргенов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	121	3	4
7	"Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "М. Жұмабаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	128	3	4
	"Ақтөбе облысының білім басқармасы"			

8	мемлекеттік мекемесінің " Әйтеке би көпсалалы колледжі " мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны	60	2	1
9	"Ақтөбе облысы Әйтеке би аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің " Әйтеке би аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі " коммуналдық мемлекеттік мекемесі	52	2	1
10	"Құмқұдық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	119	3	4
11	"Комсомол" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	85	2	2
12	"ЕНБЕК - AGRO" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	60	2	1
13	"БУЛАК АГРО" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	50	2	1